

**6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
Айгул Болатовна Байгапанованың
«Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту
әдістемесі (1939-1997 жж)» тақырыбындағы диссертациясына
П І К І Р**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Семей облысының әлеуметтік-экономикалық дамудың тарихы мен оқыту әдістемесін талап ететін қызмет ету ерекшелігі мен стратегиялық сипатын анықтайды. Соңғы жылдардағы мәселелерге байланысты экономикалық және әлеуметтік жағдайдағы ерекшеліктерді анықтап, оларды шешу жолдарын қарастырудың қажеттігін анықтау зерттеудің маңызды аспектілерін ашып көрсетеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысы «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбына қатысты тарихи құжаттар негізінде ғылыми талдауға арналған. Сонымен бірге, зерттеу нәтижелерінің мазмұнын білім беруді модернизациялау мақсатында «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсы бағдарламасында оқытудың әдістемесін жетілдіруге бағытталған.

А.Б. Байгапанова тақырыптың негізіндегі зерттеу мәселесін тереңінен түсінуінің арқасында диссертацияның мақсат-міндеттерін, нысаны мен пәндерін, болжамдары сияқты барша методологиялық аппаратын дәлме-дәл, талапқа сәйкес жүзеге асыра алған. Теориялық-методологиялық негіздерді нақтылау міндетін шешуге, басты концептілерді анықтауға мүмкіндік берді.

Жалпы зерттеу жұмысын жазуда ізденуші Семей облысының екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы және тоталитарлық жүйе жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының табыстарымен қатар келеңсіз сипатын тарихи шындық принциптеріне сүйене отырып, талдау жасаған.

Республикада тоталитарлық билік жылдарында жүргізілген әлеуметтік-экономикалық саясатының бағыт-бағдарын, мәні мен сипатын және қайшылықтары, зардаптарына баға беріліп, Кеңес үкіметінің әлеуметтік салада жүргізген саясатының мәнін ашып, тәжірибесін ой-елегінен өткізген.

Сонымен қатар, облыс еңбекшілерінің әлеуметтік жағдайын сапалық жағынан жоғарғы деңгейге жеткізе алмауының себептерін көрсете отырып, оны шешудің жолдарын айқындаған. 1937-1997 жылдар аралығындағы Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму кезеңдері мен экономикалық саладағы дағдарыс себептерін қарастыра отырып, тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатының мазмұны мен бағыттарына талдауы жұмыстың маңыздылығын арттырған.


Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсына заманауи оқытудың әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, студенттердің білімін, дүние танымын кеңейтуге көмекші әдістемелік нұсқаулар беріліп, өлке тарихына қатысты деректер мен тарихи құжаттарды және арнаулы зерттеулер қорытындысын тарих сабағында қолданудың жолдарын қарастырған.

Жұмыстың дәлдігі мен нәтижелерін Scopus деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарында, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда мақалалары жарық көрген.

Айгул Болатовна жүргізген диссертациялық зерттеудің мазмұны, бөлімдерінің байланысы қазіргі әдебиет көздерін пайдаланумен, зерттеу нысандары мен әдістерін таңдаудың негіздемесімен, қойылған міндеттер мен алынған нәтижелер арасындағы сәйкестікпен, оларды баяндаудың дәйектілігімен, әрбір нәтижені сыни бағалаумен, салыстырумен және қорытумен анықталады. Қорытындылар зерттеулердің жеткілікті санымен расталды.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, 6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Айгул Болатовна Байгапанованың «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997 жж)» тақырыбындағы диссертациясы өзекті, маңызды еңбек деген пікірдемін.

Пікір білдіруші:
Alikhan Bokeikhan University,
«Педагогика және психология»
кафедрасының доцент м.а.



Ш.О. Орынгалиева, PhD доктор

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись

М.В. Орынгалиева

КАДР БӨЛІМІ

1 11 2023 ж.г.

инженер О.М.Т.: *Дурашова Н.Н.*

